

«Қар барысын бірге сақтайық!» сурет байқауы мен «Барыс» ХК (Нұр-Сұлтан) бірлескен акциясын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Байқау атауы: «Қар барысын бірге сақтайық!» сурет байқауы.

1.2. Аумақтық қамту: Шығыс Қазақстан облысының Алтай, Қатон-Қарағай, Күршім, Зайсан, Үржар аудандары, Алматы облысының Кеген, Сарқанд, Талғар аудандары, Түркістан облысының Төлеби, Түлкібас, Қазығұрт аудандары, Жамбыл облысының Мерке, Жуалы аудандары.

1.3. «Қар барысын бірге сақтайық!» сурет байқауы (әрі қарай - байқау), бүкіл әлемде жыл сайын 23 қазан күні аталып өтетін, қызыл кітапқа енген жануарларды сақтап қалу мен қорғауға арналған - Қар барысы халықаралық күнін мерекелеу шеңберінде өткізіледі.

1.4. «Барыс» ХК-мен (Нұр-Сұлтан) бірлескен акция - «Барыс Арена» хоккей аренасының базасында өтетін «Барыс» (Нұр-Сұлтан) – «Акбарс» (Қазан) командаларының арасында өтетін хоккей ойыны кезінде өтеді (2020 жылдың 23 қазанында)

2. МАҚСАТЫ

2.1. Байқау мақсаты – қар барысының популяциясын сақтау маңыздығы мен қажеттілігі туралы қазақстандықтарды ақпараттандыру.

2.2. Байқау мақсаттары:

- Қазақстандағы қар барысын мекен орталарында сақтау бойынша әрекетке балалар мен жастарды тарту;
- Қазақстанда жас ұрпақты сирек кездесетін жануарлар түрлерін сақтауға ынатландыру;
- Көпшілік пен БАҚ-тың қар барысының популяциясын сақтау маңыздылығына назарын аудару;
- Жас ұрпақтың шығармашылығын қолдау мен дамыту, байқауға ұсынылған жұмыстарға кәсіби баға беру мүмкіндігі.

3. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

3.1. Байқау ұйымдастырушылары – Қазақстанда БҰҰ дамыту бағдарламасы (әрі қарай - БҰҰДБ) және Қазақстан Республикасы Экология,

геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі комитеті (әрі қарай - ҚР ЭГТРМ).

Байқаудың барлық кезеңдерін ұйымдастырудың жалпы басшылығын Ұйымдастыру комитеті атқарады, ол:

- Байқауды жариялайды, байқауды ақпараттандыру мақсатында БАҚ тартады;
- Өтінімдер мен байқау жұмыстарын қабылдайды және тіркейді;
- Жұмыстарды байқау талаптарына сәйкестігін тексереді;
- Қатысушыларға қажетті консультациялық-әдістемелік көмек көрсетеді;
- Ең қызықты жұмыстарды байқауға қатысу мен марапаттауға ұсынады;
- Байқау жұмысына қатысуға кәсіби қазылар алқасын шақырады;
- Таңдалған қазылар алқасы мүшелерімен бірлесе жұмыстарды таңдауды ұйымдастырады, байқау финалистерін жеңіске жеткендерін уақытылы хабардар етеді;
- Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырып, өткізеді;
- Құжаттар мұрағатын (өтінімдер, қазылар алқасы хаттамалары, қарау бағдарламалары және т.б.), көркемдік жұмыстарды (авторлық жұмыстардың көшірмелерін және т.б.) және басқа да материалдарды сақтайды.

3.2. Байқау жұмыстарын жинау кезеңі аяқталғаннан кейін, суреттер адамнан тұратын Байқаудың қазылар алқасы мүшелеріне табысталады. Оның құрамына кәсіби суретшілер, медиа-мамандар мен БҰҰДБ сарапшысы кіреді.

3.3. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу бойынша жалпы шығындарды ұйымдастырушылар өздері көтереді.

3.4. Аудандық БАҚ өткізілетін байқау мен оның жұмыс нәтижелері туралы мәліметтерді таратуға ықпалын тигізеді.

3.5. Облыстық және аудандық білім беру бөлімдері, облыстық әкімшіліктердің табиғи ресурстар басқармалары және жақын аумақтағы Ерекше сақталатын табиғи аумақтар (әрі қарай – ЕСТА) өткізілетін байқау мен оның жұмыс нәтижелері туралы мәліметтерді таратуға ықпалын тигізеді.

4. СУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ГЕОГРАФИЯСЫ

Байқау Қазақстанның келесі өңірлерінде, қар барысының мекендеу ареалында тұрып жатқан қатысушылар үшін өткізіледі: Шығыс Қазақстан

облысының Алтай, Қатон-Қарағай, Күршім, Зайсан, Үржар аудандары, Алматы облысының Кеген, Сарканд, Талғар аудандары, Түркістан облысының Төлеби, Түлкібас, Қазығұрт аудандары, Жамбыл облысының Мерке, Жуалы аудандары. Байқаудың мерзімі: 2020 жылдың 09 қыркүйегінен 14 қазанының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 19 сағат 00 минутына дейін).

Ұйымдастырушы комитеті атына аталған мерзімнен кейін түскен жұмыстар, байқауға қатыстырылмайды.

5. ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

Байқау 5 кезеңде өтеді:

- 1 кезең: 2020 жылдың 9 қыркүйегінде – байқаудың басталуын жариялау, өтінімдер мен байқау жұмыстарын жинауды бастау. Қатысушылар толтырылған өтінімді (№ 1 Қосымшаны қара) және байқау жұмыстарын («Қар барысын бірге сақтайық!» тақырыбына көркем жұмыстар: көркем суреттер/графика) 2020 жылдың 14 қазанына дейін келесі мекен-жай бойынша ұсынады: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Әзербайжан Мәмбетов көшесі, 14, «Халықаралық қар барысы күніне» арналған сурет байқауы белгісімен. Қатысушының тегін, атын, жасы мен байланыс деректерін көрсету қажет.

- 2 кезең: 2020 жылдың 16-20 қазан аралығында – қазылар алқасы отырысы, байқау нәтижелерін шығару.

- 3 кезең: 2020 жылдың 23 қазанында - «Барыс Аренада» акция: 1) «Барыс» ХК-мен (Нұр-Сұлтан) бірлескен акция - «Барыс Арена» хоккей аренасының базасында өтетін «Барыс» (Нұр-Сұлтан) – «Акбарс» (Қазан) командаларының арасында өтетін хоккей ойыны кезінде промо-белсенділіктерді өткізу; 2) БҰҰДБ басшылығының шайбаны тастауы және 3) екі командандан екі үздік ойыншыларын марапаттау.

- 4 кезең: 2020 жылдың 26-29 қазан аралығы – жеңімпаздарды марапаттау.

- 5 кезең: 2020 жылдың 30 қазанында - Алматы қаласында не/немесе Нұр-Сұлтан қаласында сурет көрмесін ұйымдастыру.

6. ҚАТЫСУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ШАРТТАРЫ

6.1. Байқауға қатысуға келесі байқау тақырыбына сәйкес келетін жұмыстар қабылданады:

- «Қар барысын бірге сақтайық!» тақырыбына көркем жұмыс.

Қар барысы немесе экожүйедегі қар барысы салынған суреттер қабылданады (көркем сурет, графика).

.

6.2. Байқауға 2 жас санатындағы балалар мен жастар шақырылады: 7-12 жас пен 13-16 жас.

6.3. Байқау қатысушылары арасында жеке авторлар болуы мүмкін, яғни байқауға қатысу – жеке – әр жұмыстың авторы тек бір қатысушы болуы мүмкін;

6.4. Әр номинацияда автор 1 ғана сурет ұсыныуы мүмкін;

6.5. Байқау қатысушысы Ұйымдастыру комитетіне қатысуға формаға сәйкес өтінім ұсынады (№ 1 Қосымша) және оған байқау материалдарын тіркейді (қатысушы барлық жұмыстарын Ұйымдастыру комитетіне өз есебінен жолдайды);

6.6. Автор өзі ұсынған әр жұмысына авторлық құқық иесі болу қажет;

6.7. Жұмыс авторлары байқаудың Ұйымдастыру комитетіне, материалдарды коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануды білдіретін эксклюзивтік авторлық құқықтарын емес, жеке өзінің авторлық құқықтарын ұсынады (фестиваль шеңберінде көрсету). Байқауға ұсынылған жұмыстарды көпшілікке көрсету, автордың аты-жөні міндетті түрде көрсетілуімен іске асырылады;

6.8. Қатысушыларға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды;

6.9. Байқауға ұсынылған жұмыстар редакцияланбайды;

6.10. Бұрын басқа байқауларға қатысқан жұмыстарға жол берілмейді және олар, авторлық немесе басқа құқықтар бұзылмау мақсатында, қарастырылмайды. Аталған шарт сақталмаған жағдайда, жауапкершілікті байқау қатысушысы көтереді;

6.11. Байқау ұйымдастырушылары жұмыстарды, автордың аты-жөнін көрсетіп, БҰҰДБ басылымдарда, есептемелерде және басқа да коммуникациялық және ақпараттық материалдарда пайдалану құқығын өздеріне қалдырады.

7. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Байқауға қатысу үшін, байқау өткізілгенге дейін 1 жылдан бұрын емес жасалаған жұмыстар қабылданады.

7.1.1. Көркем суреттерге (суреттерге) қойылатын техникалық талаптар:

- Сурет А4 форматынан кіші және А3 форматынан үлкен болмауы тиіс.
- Сурет салудың кез-келген техникасы қабылданады (қарындаш, гуашь, акварель, пастель, майланған және акрилденген бояулар және т.б.).
- Суретке автордың аты-жөні мен жұмыс атауы көрсетілген этикетка тіркелуі тиіс.

7.2. Аталған талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар байқауға қатысуға қабылданбайды.

7.3. Суреттерді байқауға жеткізу **2020 жылдың 14 қазанына дейін** өздігінен іске асырылады – қатысушылардың кураторлары/ата-анасы. Экспозиция орнына суреттерді жеткізуді қатысушылар өздігінен және өз есебінен іске асырады.

8. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

8.1. Әр номинациядағы жеңімпаздарды қазылар алқасының мүшелері осы Ереженің №2 Қосымшасына сәйкес анықтайды.

8.2. Байқау нәтижелерін Ұйымдастыру комитеті 2020 жылдың 23 қазанынан қалдырмай жариялайды.

8.3. Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар, Байқау ұйымдастырушылар атынан дипломдармен, мүсіншелер мен құнды жүлделермен марапатталады.

8.4. Жеңімпаздарды марапаттау 2020 жылдың 26 - 29 қазан аралығында іске асырылады. Жүлделер поштамен жолданады немесе байқау нәтижелері бойынша ұйымдастырылған кездесу барысында жеңімпаздарға табысталады.

8.5. Байқау ұйымдастырушылары мен қазылар алқасының қосымша номинациялар мен арнайы жүлделерді тағайындау құқығына ие.

8.6. Көрермендер көзайымы жүлдесі көзделген.

8.7. Марапаттау рәсімне қатысу мүмкіндігі болмаған жеңімпаздарға, дипломдар, мүсіншелер мен арнайы жүлделер пошта арқылы келесі 3 апта ішінде жолдананды немесе ұйымдастырушылармен жеке кездесу барысында табысталады.

8.8. Байқаудың жеңімпаздары, жүлдегерлері мен басқа да жүлдерлерге ие болушылардың, Байқау жүлделері мен басқа сыйларды, өздерінің шығармашылығын жарнама ету немесе көпшілікке танымал болу мақсатында пайдалану құқығы бар.

9. ЖЕҢІМПАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЖҮЛДЕЛЕР

9.1. 7-12 жас пен 13-16 жас 2 жас санатындағы әр номинацияда ұйымдастырушылар келесі жүлделерді көздеген:

- 1 орын – Фотоаппарат
- 2 орын - Смартфон
- 3 орын – Смарт-сағат

9.2. Жеңімпаздар, үш жобалық аумақ бойынша жекеше анықталады (Алтай-Сәуір, Жетісу және Іле Алатауы, Батыс Тянь-Шань).

9.3. Байқау жеңімпаздары дипломдар мен мүсіншілерге ие болады, ал қатысушы сертификаттары (электрондық түрде) – байқау қатысушылардың барлығына табысталады.

Байқау ұйымдастырушыларының байланыс деркестері:

Қазақстанда БҰҰ Даму бағдарламасы (Биосаналуандылық портфелі)
010000, Нұр-Сұлтан қ., Әзербайжан Мәмбетов көш., 14

Байланысушы тұлғалар:

Салимбаева Айнұр – БҰҰДБ жобасының PR-сарапшысы
тел.: +7 707 910 0155, email: Ainura.salimbayeva@undp.org

Айман Омарбекова – Жануарлар әлемін басқару жүйесі бойынша
БҰҰДБ сарапшысы.

тел.: +77017543837, email: aiman.omarbekova@undp.org

**Халықаралық қар барысы күніне арналған
Сурет байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

(*өтінімді байқауға қатысушы толтырады)

1.	Облыс, қала, аудан және елді мекеннің атауы	
2.	Мектептің, басқа оқу орнының толық атауы	
3.	Байқауға қатысушының аты-жөні	
4.	Байқауға қатысушының туған кезі, жасы, сыныбы	
5.	Қатысушының телефон нөмірі	
6.	Өтінім ұсыну күні	
7.	Куратордың/ата-ананың аты-жөні	
8.	Куратордың/ата-ананың телефон нөмірі	
9.	Куратордың/ата-ананың электрондық поштасы (іс шараның өту мерзіміне байқау туралы ақпаратты жіберу үшін, поштаның бір адресі көрсетіледі)	
10.	Жеке мәліметтерді өңдеуге, сонымен қатар, жұмыстарымды байқау кезінде және байқаудан кейін пайдалануға келісімімді беремін.	ата-ананың қолы

Өтінімді толтыру күні

Байқау қатысушысының ата-анасы

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

Халықаралық қар барысы күніне арналған
республикалық суреттер байқауын өткізу туралы
Ережеге
№2 Қосымша

Байқаудың сарапшылық парағы

Байқау материалдарының атауы:

Қазылар алқасы мүшесінің/сарапшының аты-жөні:

Сарапшының байқау материалдарына берген бағасы

(байқау қатысушысының аты-жөні, бағасы):

Ұсынылған шкала өлшеміне сәйкес, кестедегі тиісті ұяшықты кез-келген белгімен белгілеп, байқау материалдарына баға беріңіз, осылайша, 0 – байқау материалдарындағы өлшемнің ең төменгі белгісі, ал 5 – өлшемнің ең жоғары белгісі:

<i>Байқау өлшемі</i>						
Байқау туралы Ереженің талаптарына сәйкес (ресімделуі, өтінімнің бар/жоқтығы және т.б.)	0	1	2	3	4	5
Бейне мен тақырыпқа сәйкестігі	0	1	2	3	4	5
Ұсынылған идеяның шығармашылық ойы, жаңалығы, төлдаралығы	0	1	2	3	4	5
Орындау техникасындағы шеберлік	0	1	2	3	4	5

Композиция мен түсті шешім	0	1	2	3	4	5
Ерекше тәсіл: стандарттан тыс техниканы, әдіс пен құралдарды қолдану	0	1	2	3	4	5
Өнімнің эстетикалығы	0	1	2	3	4	5

Ескертпелер,

комментарийлер:

Толтыру күні, қолы
